

**2010 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша
банктік емес ұйымдардың ағымдағы жағдайы**

2010 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша республикада банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын 15 ұйым, оның ішінде 6 ипотекалық ұйым тіркелді.

№	Ұйымдардың атауы Наименование организаций	01.01	01.03
1	Ипотекалық ұйымдар	7	6
2	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын өзге ұйымдар оның ішінде брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын	9	9
	Жиынтығы	16	15


Ипотекалық ұйымдар

Активтер. 2010 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар активтерінің жиынтық мөлшері 79 113,5 млн. теңге құрады, төмендеуі ағымдағы жылдың басынан бастап 1,5% (1167 млн. теңге) болды.


Ипотекалық ұйымдар активтерінің жалпы сомасындағы елеулі үлесті заңды және жеке тұлғаға берілген заемдар - 82,9% (65 592,5 млн. теңге) алады, басқа банктерге орналастырылған салымдарға - 0,4% (334,7 млн. теңге), бағалы қағаздарға - 2,4% (1 873 млн. теңге), банктердегі корреспонденттік шоттарға – 0,7% (535,7 млн. теңге) келеді.

Ипотекалық ұйымдардың жиынтық активтерінің динамикасы мен құрылымы	01.01		01.03		Өсімі,%-бен
	млн. теңге	жиынтығына %-бен	млн. теңге	жиынтығына %-бен	
Ақша	900,4	1,1	960,0	1,2	6,6
Корреспонденттік шоттар	1 506,2	1,9	535,7	0,7	-64,4
Бағалы қағаздар	1 893,0	2,4	1 873,0	2,4	-1,1
Басқа банктерге орналастырылған салымдар	716,0	0,9	334,7	0,4	-53,3
«Кері «РЕПО» операциялары	-	-	-	-	-
Клиенттерге берілген заемдар	68 357,1	85,2	65 592,5	82,9	-4,0
Негізгі қаражат және материалдық емес активтер	1 546,7	1,9	1 600,1	2,0	3,5
Клиенттерге ұсынылған заемдар мен қаржы лизингі бойынша резервтер (провизиялар)	-10 156,6	-12,7	-9 134,9	-11,5	-10,1
Өзге активтер	15 517,7	19,3	17 352,4	21,9	11,8
Барлығы активтер	80 280,5	100	79 113,5	100	-1,5

01.01 жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар активтерінің құрылымы (%)



01.03 жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар активтерінің құрылымы (%)




Кредиттік портфель. Ипотекалық ұйымдардың жиынтық несиелік портфелі 2010 жылдың басынан 4%-ға (2 764,6 млн. теңге) кеміп, ағымдағы жылғы 1 наурызындағы жағдай бойынша 65 592,5 млн. теңгені құрады.

Ипотекалық ұйымдардың кредиттік портфелінің сапасын талдай келе стандартты кредиттер үлесінің кемігенін байқауға болады. Сөйтіп, 2010 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша стандартты кредиттердің үлесіне 72,5% келді, ал ағымдағы жылдың 1 наурызда – 67,1% келді. Күмәнді кредиттердің үлесі 16,8% бастап 23,5% дейін өсті. Үмітсіз кредиттердің үлесі 2010 жылғы 1 наурызда 9,4% құрайтынын атап өткен жөн. Абсолюттік мәнінде үмітсіз заемдар сомасы ағымдағы жылдың басынан бастап 1 170,2 млн. теңгеге азайды.

Несие портфелі сапасының динамикасы	01.01		01.03	
	негізгі борыш сомасы, млн. теңге	жиынтығына %-бен	негізгі борыш сомасы, млн. теңге	жиынтығына %-бен
Несие портфелі барлығы	68 357,1	100	65 592,5	100
Стандартты	49 582,3	72,5	44 033,1	67,1
Күмәнділер	11 447,7	16,8	15 402,5	23,5
<i>1-санаттағы күмәнділер</i> – төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	3 940,0	5,8	7 289,8	11,1
<i>2-санаттағы күмәнділер</i> – төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде	929,7	1,4	1 477,6	2,3
<i>3-санаттағы күмәнділер</i> – төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	1 616,1	2,4	1 448,5	2,2
<i>4-санаттағы күмәнділер</i> - төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде	1 058,7	1,5	1 669,1	2,5
<i>5-санаттағы күмәнділер</i>	3 903,2	5,7	3 517,5	5,4
Үмітсіздер	7 327,1	10,7	6 156,9	9,4

Ипотекалық ұйымдардың несиелік портфелінің өзгеру динамикасы, млрд. теңгемен




Ипотекалық ұйымдардың жиынтық несиелік портфеліндегі 2 ірі ипотекалық ұйымның үлесі ағымдағы жылдың 1 наурыздағы жағдай бойынша 98,2% құрады. Олардың ішінде: «БТА Ипотека» АҚ - 75,5%, «Астана-финанс» ипотекалық ұйымы» АҚ - 22,7%.

Міндеттемелер. Ипотекалық ұйымдардың жиынтық міндеттемелерінің мөлшері 2010 жылдың басындағы деректермен салыстырғанда 1 614,4 млн. теңгеге немесе 2,6%-ға кеміген және 2010 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша 60 046 млн. теңге болды. Бұл ретте, ипотекалық ұйымдардың міндеттемелері құрылымында басқа банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған заемдар (45,2%) және айналымға жіберілген бағалы қағаздар (43,9%) басым болды.


Ипотекалық ұйымдардың жиынтық міндеттемелерінің динамикасы және құрылымы	01.01		01.03		Өсімі %-бен
	млн. теңге	жиынтығы на %-бен	млн. теңге	жиынтығына %-бен	
Басқа банктерден және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алған заемдар	27 133,4	44,0	26 365,7	43,9	-2,8
Бағалы қағаздармен «РЕПО» операциялары	-	-	-	-	-
Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар	27 488,0	44,6	27 164,5	45,2	-1,2
Басқа кредиторлар	6 010,5	9,7	5 978,6	10,0	-0,5
Басқа міндеттемелер	1 028,5	1,7	537,2	0,9	-47,8
Барлығы міндеттемелер	61 660,4	100	60 046,0	100	-2,6

01.01 жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар міндеттемелерінің құрылымы (%)



- Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар
- Басқа банктерден және БОЖТЖ алынған заемдар
- Басқа кредиторлар
- Басқалар


01.03 жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар міндеттемелерінің құрылымы (%)



Кірістілік. Есепті күнге ипотекалық ұйымдар 424,9 млн. теңге мөлшерінде пайда тапты. Есепті күнге кірістердің жиынтық мөлшері 4 913 млн. теңге (2009 жылғы 1 наурызда – 9 897,7 млн. теңге), шығыстардың жиынтық мөлшері – 4 488,1 млн. теңге (2009 жылғы 1 наурызда – 12 847 млн. теңге) болды.

Ипотекалық ұйымдардың кірістілігі, млн. теңгемен	01.03.2009	01.03.2010	Өсімі %-бен
Сыйақы алумен байланысты кірістер	3 751,2	1 391,7	-62,9
Сыйақы төлеумен байланысты шығыстар	2 694,3	858,0	-68,2
Сыйақы алумен байланысты емес кірістер	6 146,5	3 521,3	-42,7
Сыйақы алумен байланысты емес шығыстар	10 152,7	3 630,1	-64,2

Пайыздық кірістер құрылымында ең көп үлесті басқа кірістер алады (60,1% немесе 2 954,4 млн. теңге), пайыздық шығыстар құрылымында – қамтамасыз етуге қаржымен байланысты шығыстар көп үлес алады (58,1% немесе 2 609 млн. теңге).



Ипотекалық ұйымдардың меншікті капиталы 2010 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша 19 067,4 млн. теңгені құрады, бұл 2010 жылғы 1 қаңтардағы көрсеткіштен 2,4%-ға (447,3 млн. теңгеге) көп.

Меншікті капиталдың жеткіліктілігі	01.01	01.03
Төленген жарғылық капитал (оның ішінде қосымша капитал), млн. теңге	18 915,0	18 915,0
Есептелген меншікті капитал, млн. теңге	14 479,5	14 949,6
Меншікті капиталдың жеткіліктілік коэффициенті ($k_1 \geq 0,06$)	0,223	0,230
Меншікті капиталдың жеткіліктілік коэффициенті ($k_{1-2} \geq 0,06$)	0,234	0,241
Меншікті капиталдың жеткіліктілік коэффициенті ($k_{1-3} \geq 0,12$)	0,180	0,188